

РЕЗУЛЬТАТЫ РАБОТЫ ПО ОРГАНИЗАЦИИ И ПОВЫШЕНИЮ ЭФФЕКТИВНОСТИ «ЗЕЛЕННЫХ КОРИДОРОВ» ДОЛЖНЫ БЫТЬ ОЩУТИМЫ ДЛЯ ГРАЖДАН И БИЗНЕСА. СООТВЕТСТВУЮЩИМ ОРГАНАМ ПОРУЧЕНО ВНЕДРИТЬ МЕХАНИЗМ БЕЗ ТАМОЖЕННОГО ДОСМОТРА ДЛЯ ТРАНЗИТНЫХ ГРУЗОВ. ВЕДЕТСЯ РАБОТА ПО ФОРМИРОВАНИЮ ВНЕШНИХ КАЗАХСТАНСКИХ ТЕРМИНАЛОВ.

Олжас БЕКТЕНОВ,
Премьер-министр РК



№39 (3078)
23/05/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЗАМАНАУИ МАНЕВРЛІК ТЕПЛОВОЗДАР ЖЕТКІЗІЛДІ

Астана локомотив пайдалану депосы Қытайда жасалған жаңа маневрлік локомотивтермен толықты. Осыған орай «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен China Railway Rolling Stock Corporation (CRRC) корпорациясы арасындағы негіздемелік келісім шеңберінде заманауи маневрлік тепловоздарды қабылдау бойынша салтанатты жиын өтті.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

100 маневрлік тепловозды жеткізу туралы келісімге 2023 жылғы 17 қазанда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары барысында қол қойылған болатын. Соның негізінде Астана депосына әзірге екі локомотив әкелінді. Оның лентасын кесу құрметі депода көп жылдар жұмыс істеген және биыл жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа толғанға дейін төлейтін салалық жәрдемақыға



шығатын құрметті машинистер Нұрбек Сембиев пен Серкебай Майкеновке

берілді. Машинистердің айтуынша, жаңа локомотивтер жайлылықтың жоғары

деңгейімен ерекшеленеді. – 20 жыл машинист болып еңбек еттім. Маневрлік жұмыстарға арналған бұл локомотив қазіргі заманға сай жасалған, бұрынғы біздегі ескі, кеңестік түрлеріне қарағанда дизайны да, қуаттылығы да күштірек. Тепловоз техникалық пар-

кте, станция басында жұмыс істейді. Кабинада тағамды жылытуға арналған плита, ауа баптағыш және тоңазытқыш бар, бұл жұмыс жағдайын едәуір ыңғайлы етеді, – дейді машинистердің бірі Нұрбек Сембиев. Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

Инфраструктура

СОЗДАВАЯ КОМФОРТ

В текущем году для улучшения условий труда работников ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» будет отремонтировано 36 производственных объектов.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Работы будут проведены в зданиях маневровых вышек на станциях Жанаесиль, Боровое и Кушмурун, маневровой горки станции Жанаесиль, постов сигналистов и составителей на станции Жанауул, техконтуре на станции Мойынты, служебно-техническом здании на станции Жарма, а также в товарных конторах на станциях Арал Тенизи и Махамбет,

административных зданиях на станциях Ганюшкино и Жанауул и других объектах. На шести объектах запланирован текущий ремонт систем отопления и водопровода. В частности, работы будут проведены в здании товарной конторы станции Железородная, административно-бытовом здании станции Майлина, административном здании станции Акжайык, а также запланирован ремонт сети водопровода здания поста станции Мапат.

К слову, в минувшем году в филиалах ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» был проведен текущий ремонт 49 зданий. Все работы выполнены в срок и качественно. Обновлены фасады зданий, проведена замена кровельных покрытий, отремонтированы внутренние помещения, включая системы отопления, водоснабжения и электроснабжения. Особое внимание уделено энергоэффективности: установлены современные теплоизоляционные материалы и энергосберегающие окна, что снизит затраты на эксплуатацию зданий. Эти меры не только улучшили внешний вид объектов, но и создали комфортные условия для работы сотрудников, а также повысили безопасность и надежность инфраструктуры железнодорожного хозяйства.

ЕҢБЕККЕР МҮДДЕСІ – БІРІНШІ ОРЫНДА

Астанада «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Қазақстандағы теміржолшылар кәсіподағы қозғалысының 120 жылдығына арналған «Бірлікте – күш, тарихта – мақтаныш» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Конференцияға ҚТЖ басшылығы, ҚР ЖОО қауымдастығының жетекші көлік және техникалық жоғары оқу орны жетекшілері, халықаралық және отандық кәсіподақ ұйымдарының басшылары, мемлекеттік органдар өкілдері, сала ардагерлері қатысты.

Қазақстанда теміржолшылар кәсіподағы қозғалысының тарихы тереңде екенін дәлелдейтін құжаттарды іздеуде кәсіподақ көп жұмыс атқарып, еліміздің ғана емес, шетелдердің архивтеріне хатпен сұрау салды. Табанды еңбек нәтижесінде және Ресей тәуелсіз кәсіподақтар федерациясы мен Ресей теміржолы және көлік құрылысшылары кәсіподағы, Теміржолшылар кәсіподағы халықаралық конфедерациясындағы әріптестердің көмегімен Қазақстанда 1905 жылы көктемде бұрынғы Перовск, қазіргі Қызылорда, Қазалы, Түркістан, Ақтөбеде кәсіподақ қозғалысының бастау алғаны туралы архив анықтамасы табылды. Конференцияда осы мерейтойға орай елдегі кәсіподақ жұмысының даму тарихы, кезеңдері мен өркендеу жолдары сөз болды.

– 2025 жыл – еліміздің кәсіподақ қозғалысы үшін мерейтой жылы. 120 жыл бұрын әртүрлі еңбек ұжымдарының кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін қорғауға, жү-



мысшылар мен қызметкерлер қатарында бірлікті сақтауға, мемлекет, жұмыс беруші, жұмысшылар мен қызметкерлер арасындағы тұрақты және үйлесімді қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік беретін процестің негізі қаланды. Кәсіподақтың даму тарихына кейін орала отырып ұйымның ең алғашқы жұмысы басталған сәттен бері адамдардың еңбек жағдайы бойынша маңызды мәселелерді шешу үшін кәсіподақ атқарушы органдар және жұмыс берушілермен конструктивті диалог жүргізгенін атап өту керек. Қазақстанның болат магистралі сияқты кәсіподақ атауы да, құрылымы да түрлі өзгерістерге ұшырады. Соған қарамастан

кәсіподақ мақсатты және жоспарлы түрде саланың мыңдаған еңбеккерлерінің мүддесін қорғады. 120 жыл бұрын қалыптасқан дәстүрлі құндылықтарды, сындарлы диалогқа деген ұмтылысты сақтай отырып, кәсіподақ еңбек дауларын реттеуге атсалысып, теміржол жұмысын тоқтатуға жол бермеді. Кез келген жағдайда нақты мүмкіндіктер мен еңбек ұжымдарында қалыптапты психологиялық климат құру әрқашан бірінші орынға қойылды, – деді конференцияның ашылу салтанатында «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев.

(Жалғасы 2-бетте)
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ГРЕЦИЯ ЗАИНТЕРЕСОВАНА В ТМТМ



Возможности сопряжения Транскаспийского маршрута с греческими портами, а также совместное обучение кадров обсудили представители Казахстана и Греции.

В рамках круглого стола казахстанская сторона представила Греческой федерации предприятий (SEV) перспективные проекты модернизации каспийских портов, а также условия и механизмы привлечения иностранных инвестиций. Греческие партнеры выразили заинтересованность в создании совместных мультимодальных логистических сервисов.

Кроме того, в МИДе Греции стороны обсудили перспективы интеграции маршрута Каспий – Черное море – Средиземное море в европейские транспортные сети, в том числе в рамках инициативы Global Gateway, а также вопросы углубления экспертного диалога на институциональном уровне.

По словам генерального секретаря МИДа Греции Димитриса Скалкоса, развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута открывает значительные перспективы для углубления сотрудничества между Грецией и Казахстаном и позволит органично связать новые транспортные цепочки с Балканами.

В свою очередь зампред Комитета железнодорожного и водного транспорта Минтранса РК Касым Тлепов отметил, что развитие ТМТМ – ключевой элемент диверсификации экспортной логистики Казахстана. Он пригласил греческие компании принять участие в модернизации портовой и логистической инфраструктуры, заверив в создании максимально благоприятных условий для инвесторов. По его словам, реализация проектов укрепит региональные цепочки поставок и расширит торгово-логистическое сотрудничество с ЕС.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

БАҒДАРЛАР САНЫ АРТҚАН



Биыл жазда Алакөл курорттық аймағына 13 теміржол бағдары арқылы жетуге болады. Оның 4-еуі жыл бойы қатынайтын бағдар болса, тағы 9-ы – маусымдық қосымша бағыттар. Пойыздар Астана, Алматы, Павлодар, Қызылорда, Семей, Өскемен және Ақтоғай қалаларынан қатынайды.

Сонымен, Алматы – Алакөл бағдарында №207/208 «Алматы-2-Жалаңашкөл» (аптасына 2 рет); №221/222 «Алматы-2-Достық» (аптасына 3 рет); №211/212 «Алматы-2-Достық» (маусым-шілдеде жұп күндері, тамызда тақ күндері); №337/338 «Алматы-2-Достық» (аптасына 3 рет); №21/6941/6942/22 «Алматы-1-Достық» (жұп күндері) қатынаса, Астана – Алакөл бағдары бойынша №54/53 «Нұрлы жол-Достық» (аптасына 2 рет); №254/253 «Нұрлы жол-Достық» (аптасына 2 рет); №122/6942/6941/121 «Нұрлы жол-Семей» (жұп күндері) жүретін болады. Ал №31/6942/6941/32 «Павлодар-Достық» жұп күндері жолға шығар болса, №21/6942/6941/22 «Қызылорда-Достық»; №457/458 «Семей-Достық»; №459/460 «Өскемен-Достық» тақ күндері, тек №6941/6942 «Ақтоғай-Достық» бағдары күн сайын жүретін болады.

Жақында Көлік министрі азаматтарды жеке қабылдаған болатын. Онда ол азаматтардың қойылған сұрағына орай жолаушылар тасымалына арналған вагондар паркі жыл сайын және жүйелі түрде жаңартылып жатқанын атап өтті. Биыл 226 жаңа вагон сатып алу жоспарланған. Осы кезге дейін жыл сайын шамамен 150-180 вагон сатып алынса, биылдан бастап 2029 жылға дейін жыл сайын 200-ден астам вагон сатып алынады. Бұл 2029 жылға дейін жолаушы вагондары паркін толықтай жаңартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ биылғы жылдан бастап Stadler Kazakhstan зауыты да вагондарды шығаруға кірісті.

Ислам ТАЛҒАТ

ТЕМІРЖОЛ ЖИЕКТЕРІНДЕ ШАШЫЛЫП ЖАТҚАН ҚОҚЫС ӨТЕ КӨП. ҚАЛАМЫЗҒА КЕЛЕТІН ҚОНАҚТАР ОСЫНЫҢ БӘРІН КӨРІП ЖҮР. МҰНЫ ТЕЗ АРАДА РЕТКЕ КЕЛТІРУ ҚАЖЕТ. ҚАЛАҒА КІРЕБЕРІС ТЕМІРЖОЛ ЖИЕКТЕРІ МЕН ТАС ЖОЛДАР МАҢЫН ҚОҚЫСТАРДАН, ШІРІГЕН АҒАШТАРДАН ТАЗАРТУ КЕРЕК

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ОН ЖЫЛ ІШІНДЕ ҚЫТАЙ ТЕМІР ЖОЛДАРЫМЕН БЕЛСЕНДІ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ НӘТИЖЕСІНДЕ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ

4,5

ЕСЕ ӨСКЕН.

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ТЕМІРЖОЛҒА ЖАҚЫН МАҢДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕН ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА

843

АҚПАРАТТЫҚ-АҒАРТУ ІС-ШАРАСЫН ӨТКІЗДІ.

СОҢҒЫ ТӨРТ ЖЫЛДА ЖОЛАУШЫЛАР ПАРКІ

369

ЖАҢА ВАГОНМЕН ТОЛЫҚҚАН.

ҰЛЫ АҚЫН МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАУДА

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Семей ЖТ бөлімшесі бойынша Абай хакімнің 180 жылдық мерей-тойына орай мерекелік іс-шаралар легі ресми түрде басталды. Осыған орай бөлімшенің мәжіліс залында филиал директоры Алмас Сейсемқановтың қатысуымен танымдық-тағылымдық басқосу өтіп, онда алдағы уақыттағы атқарылуы тиіс жоспарлы шаралар қаралды.



Биылғы жаз Семей өңіріндегі теміржолшылар қауымы үшін рухани-мәдени іс-шараларға толы болмақ. Мәселен, осы аптада бөлімше басшысы Алмас Ғылымұлының бастамасымен Абайдың тағылымға толы өлеңдерін мәнерлеп оқудан челлендж басталды. Ұлы ақынның «Қайрат пен ақыл жол табар...» өлеңін нақышына келтіре оқуды филиал директоры өзі бастады. Аталмыш игі шараны қоғамдық жұмыстар бойынша жоғары белсенділігімен танылып жүрген Аягөз станциясының теміржолшылары бірден жалғастырып әкетті.

Бір бұт емес, семейлік теміржолшылар қауымы қаладағы және ақын өмірінің соңғы жылдары өткен Жидебайдағы қорық-мұражайға экскурсия жасауда. Мәселен, НОД-ЖТ қызметкерлері салалық кәсіподақ комитетінің төрайымы Айгүл Берікболованың ұйымдастыруымен ақын мұражайында болып, рухани танымдық саяхат жасады. Абай өмір сүрген дәуірге үңіліп, хакімнің өзі тұтынған заттарымен танысты. Сондай-ақ Абай шығармашылығы жайлы мол мағлұмат алды.

– Мұндай іс-шаралардың берері мол. Біріншіден, қызметкерлер арасында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтсе, екіншіден, қазақтың бас ақынының өмірі жайлы толыққанды мәлімет ала алады. Сол тәрізді әрбір Абай елінің теміржолшысы ақынның ең кем дегенде бір өлеңін жатқа біліп, бір қара сөзінің мазмұнын айта алуы тиіс деген ұстанымға келіп отырмыз, – дейді Айгүл Мырзағалиқызы.

Суретті түсірген автор

ЕҢБЕККЕР МҮДДЕСІ – БІРІНШІ ОРЫНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)


Жиында кәсіподақтың қалыптасуы мен даму жылдарында пайда болған мықты көшбасшылар мен белсенділердің есімдері атап өтілді, олардың кәсібилігі, жауапты еңбегінің арқасында кәсіподақ ұйымы нығайып, дамығаны сөз болды. Салалық кәсіподақ пен теміржол тарихын жасауға ардагерлер, кәсіподақ басшылары мен мамандары Борис Шубин, Сермухамбет Есеев, Иван Лашин, Амангелді Байжұманов, Людмила Закина, Әділкерім Байшапанов, Амангелді Исин, Галина Сятова, Кенжехан Өсімбеков, Балтасапар Ибрагимов, Қазбек Рахметов, Кеңесбай Әбенов, Дулат Серіков, Евгений Мелихов, Талғатбек Спанов, Валерий Сидельников, көптеген басқа кәсіподақ жетекшілері мен белсенділері атсалысты.

– Жылдар өтіп жатыр, бірақ салалық кәсіподақ жұмысының негізгі қағидаттары мен бағыттары өзгеріссіз қалды. Қазіргі таңда да қызметкерлердің, сала ардагерлерінің еңбек құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау, заң шығару қызметі, ұйымдық, консультациялық, құқықтық және материалдық көмек көрсету, еңбекті қорғау мәселелерін шешу, еңбек жанжалдарын шешу, қайырымдылық, спортты дамыту, оқыту, жастар саясаты, халықаралық ынтымақтастық және тағы басқа жұмыстар жалғасын табуда. Кәсіподақтың салмақты, объективті ұстанымы өз жемісін берді. Бүгінде Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіподағы экономиканың ең стратегиялық маңызды салаларының бірі – темір жолдың 100 мың қызметкерін біріктіретін ірі, беделді ұйымға айналды, – деді Оразғали Ахметбаев.

Бүгінгі таңда бірлестік құрылымына 12 филиал, 5 өкілдік, 15 жергілікті кәсіподақ, үш жүзден астам бастауыш кәсіподақ ұйымдары кіреді. Салалық келісімде және ұжымдық шарттарда белгіленген міндеттемелер мен кепілдіктерді дәйекті іске асыру теміржол көлігінің тұрақты жұмысын сақтауға мүмкіндік береді. Кәсіподақтың «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығымен, оның еншілес ұйымдарымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынасы тең құқылы әлеуметтік әріптестік қағидаты бойынша құрылады. Бүгінде «Қазкөліккәсіп» ҚБ Халықаралық теміржолшылар кәсіподақтары конфедерациясының, КР Кәсіподақтар федерациясы құрылтайшыларының бірі болып табылады, ал 2016 жылдан бастап Халықаралық көлік федерациясының (ITF) мүшелік ұйымына айналады.

Конференцияда одан әрі ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Тінекеев, КР Көлік министрлігі темір жол және су көлігі комитетінің төрағасы Жәнібек Тайжанов, «ҚТЖ» ҰК» АҚ аппарат басшысы Серік Кеулімжаев, Лондоннан келген Халықаралық көлік федерациясы және Чехия, Ресей, Грузия, Қырғызстан теміржол салалық кәсіподақтарының өкілдері сөз сөйлеп, «Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның және жалпы кәсіподақтың теміржол саласын дамытудағы маңызды рөлін атап өтті.

ТӨРТ АЙДАҒЫ ТОЛАЙЫМ ТАБЫСТАР



ҚОРЫТЫНДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Шиелілік теміржолшылар жыл басынан бергі уақытта пойыздық, маневрлік жұмыстар кезінде және кірме жолдарда жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуының ешқандай түріне жол бермеген. Станция бастығының орынбасары Нұрғали Әбжаппаров әріптестерінің басшылық бекіткен тапсырмаларды дер уақытында және сапалы орындап жатқанын атап өтті.

– Жалпы, біздің Шиелі станциясындағы теміржолшының бәрі – өз кәсібін жетік меңгерген кәсіби мамандар. Біздер алғашқы тоқсанда 142 пойыздан 6234 вагонды ажыратып, 4999 вагонды тіркеп, 122 пойыз құрастырдық. Бұл пойыздарды құрастыру жұмыстары кезіндегі станцияның пойыз құрастырушылары, парк кезекшілері, жүк қабылдап-тапсырушылар, диспетчерлер жалпы теміржолшылардың барлығы өз үлесін қосып, нәтижелі жұмыс жасады. Сәуір айындағы өндірістік жұмыс көрсеткіштері де межеден асып түсті. Сәуірде бекітілген 588 вагонға жүк тиеу жоспары 600 вагонға дейін жеткізіліп, меже 102 пайызға орын-



далды. Осы айдағы 1420 вагонға есептелген вагон айналымы 3597 вагонға дейін жетті. Жоспардың орындалуы – 253 пайыз. Бұл – біздің теміржолшылардың озат тәжірибесі мен шыңдалған ерен еңбегінің жемісі, – дейді Нұрғали Әбжаппаров.

Ұжымдастарына шексіз алғысын білдірген станция бастығының орынбасары әсіресе ДСП жанындағы оператор К.Қиыбаев, тасымал құжаттарын өңдеуші С.Шалекеева, жүк қабылдап-тапсырушы М.Орынбаева, тауар кассирі Р.Бижанова, станция кезекшісі Л.Смаилов, Б.Тұрсыманов және парк кезекшісі О.Қарамұрзаев ерен еңбектің үлгісін көрсеткенін атап өтті. «Біздің ұжымдағы әр

теміржолшы өз ісіне жауапкершілікпен қарап, теміржол саласының абыройын көтеріп жүр. Осындай кәсіби мамандармен бірлесе жұмыс істеу – үлкен мәртебе», – дейді ол сөз арасында.

Станция теміржолшыларымен техникалық сабақтар мен инструктаждар тұрақты ұйымдастырылып, ауысым алдындағы дайындыққа ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында станция басшылығы әрбір теміржолшының талап деңгейінде жұмыс жасауын бақылап отырады.

Суретті түсірген автор

«САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» САПАРҒА ШЫҚТЫ



МЕДПОЙЫЗ

20 мамыр күні Астанадағы «Нұрлы жол» вокзалынан «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы сапарға аттанды. Алты ай ішінде дәрігерлер мен заңгерлер 123 ауылға аялдап, 90 000 астам тұрғынға көмек көрсетеді.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Тексеруді 29 түрлі саладағы дәрігерлер жүргізеді. Қан талдауы, УДЗ, флюорография, ЭКГ және басқа да диагностикалық қызметтер қолжетімді, қаралу тегін.

Пойыздың алғашқы баратын өңірі – Маңғыстау, бұл аймақта 21 мамыр мен 5 маусым аралығында пойыз облыстағы 9 станцияға тоқтап, қызмет көрсетеді. Одан әрі пойыз сапары 6-20 маусым аралығында Атырауда жалғасып, бұл өңірде 8 станцияны қамтиды. 20-26 маусым арасында пойыз дәрігерлерінің көмегіне Ақтөбенің 5 станциясы тұрғындары жүгіне алады. Батыс Қазақстан облысындағы 8 станцияны пойыз 27 маусым мен 12 шілде аралығында аралайды. Осылайша пойыз Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Абай,



Алматы, Жетісу, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарын аралап, сапарын биыл 12 желтоқсанда аяқтайды.

Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов бұл әлеуметтік жобаның маңызын және жалпы көлік медицинасының ауыл тұрғындарының саулығын жақсартудағы рөлін атап өтті. 90 мыңнан астам

қазақстандық медициналық пойыздың қызметін пайдалана алады. Жылжымалы медициналық бригаданың құрамында 36 білікті дәрігер, сондай-ақ медиаторлар мен заңгерлер бар.

Олар – терапевтер, хирургтер, педиатрлар, невропатологтар, рентгенологтар, кардиологтар, стоматологтар, офтальмологтар, оториноларингологтар, онколог-маммологтар, гинекологтар

және урологтар. Дәрігерлер алғашқы тексеру жүргізіп, қажет болған жағдайда шағын хирургиялық операциялар жасайды. Бұған қоса, диагностика жүргізу үшін медициналық пойыз ЭКГ, УДЗ, флюорограф, гастродиффоскоп сияқты қажетті зертханалық және құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Жоба іске асқалы бері 15 жылдың ішінде мыңнан астам адам, олардың әрбір бесіншісі – бала, дәрігерлерден көмек алды. Хирургтер шамамен 37 мың операция жасады. Өткен жылы пойыздың дәрігерлері 104 250 пациентті қабылдаған. Бұл әлеуметтік жобаның шеңберінде Денсаулық сақтау министрлігі техникалық жарақтау, медициналық және дәрілік көмекпен қамтамасыз етеді.

Жоба ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының әріптестігімен жүзеге асырылуда. Медициналық пойыздың нақты қозғалыс кестесі www.medpoezd.kz сайтында жарияланған.

ТӨЛБАСЫНЫҢ ТУЫНДЫСЫ



ӨНЕРТАБЫС

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Быттыр жазда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖПШ Техникалық саясат департаменті мамандарының қатысуымен өткен техникалық кеңестің 2-деңгейлі отырысының хаттамасы негізінде рационализаторлық ұсыныстардың біршамасы техникалық талапқа сай деп танылып, рационализаторлар тиісті деңгейде сыйақылар алды. Солардың қатарында Төлбасының да төл туындысы бар.

Өндіріс орындарындағы қауіпсіздік мәселесіне жіті көңіл бөлетін жас маман үнемі осы бағытта үздіксіз ізденіп жүретін. Бірде әріптестерінен Алматыдағы локомотив жөндеу депосындағы қайғылы жағдай туралы естиді. Шебер мен слесарь алып техниканы кезекті жөндеуден өткізіп, канавадан шығарып тексергенде бір-екі кемшілік анықталады. Олар локомотивті тұрған жерінде жоғары кернеулі токтан ажыратады да, жоғары кернеулі желілер орналасқан секция арасында жөндеуді жалғастырады. Осы сәтте бұл жағдайдан мүлдем хабарсыз машинист, кабинадағы ток қабылдаушы құрылғыны іске қосып



жібереді. Салдарынан іштегі секция арасындағы слесарь тілге келмей көз жұмады. Осыны естіген Төлбасы Сырданұлы мұндай сәттің алдын алуға қатысты терең ойға батады. Көп ұзамай ток қабылдаушы құрылғыны қозғалтпай тұратын құрылғы ойлап табады. Оның құжат жүзінде тіркелген ресми атауы – «№223 ток қабылдағыш тумблерге арналған қорғаныс қаптамасы». Бұл өзі бір қарыс болғанымен, адам өмірін сақтап қалуға қызметі өте маңызды. Яғни сырт көрінісі тік иілген тұтқа іспеттес құрылғының іші ойық төрт қырлы бір ұшы жоғары кернеулі қосқыштың басына кигізіледі де,

екінші ұшы үстіңгі басқару панелінің төменгі жиегіне қыстырылады. Қызыл түсті қорғаныс қаптамасының үстіне көзге анық көрінетіндей етіп «Не включать» деп жазылған. Бергінде ғана ойлап табылған бұл құрылғыға көзі түскен кез келген маман локомотив ішінде жөндеу жүргізіліп жатқанын бірден түсінеді. Оның сөзсіз түсінікті болатыны соншалық, құрылғы қыстырылғанын көрген бойда адам санасында құрылғыны іске қосуға тыйым салатындай шартты рефлекс пайда болады.

Бүгінде елімізде 36 локомотив жөндеу депосы жұмыс істеп тұрған болса, соның жартысы электровоздарға қызмет көрсетумен айналысады. Міне, осы кәсіпорындарға Төлбасы Сырданұлының төл туындысын қолданысқа енгізу жөнінде Орталық аппараттың шешімі ұсынылған. Демек, бұл күнде республика өңірлеріндегі 18 электровоз жөндеу депосында №223 ток қабылдағыш тумблерге арналған қорғаныс қаптамасы қолданылып келеді деген сөз. Ал енді бұл құрылғыны сақтау мен оны қолдану жауапкершілігі депо слесарі мен ТО-2 шеберінің міндетіне жүктелген. Айта кетерлігі, бұл құрылғылар тек жоғары кернеулі электр энергиясының желілері тартылған жерлерде ғана қолданылады.

Суретті түсірген автор

Интервью

На протяжении десятилетий профсоюз транспортников страны активно защищает права железнодорожников. Сегодня, как и 120 лет назад, вопросы достойной заработной платы, улучшения условий труда на каждом рабочем месте, выполнения всех социальных гарантий остаются приоритетами работы профсоюза. Об этом, и не только, наш разговор с председателем ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаевым.

«БІРЛІКТЕ – КҮШ, ТАРИХТА – МАҚТАНЫШ»

К 120-ЛЕТИЮ ПРОФСОЮЗНОГО ДВИЖЕНИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ КАЗАХСТАНА

– Совсем недавно, в 2022 году, профсоюз железнодорожников отметил свое 30-летие, а в этом году у вас новая юбилейная дата, с чем она связана?

– Тридцатилетие нашего отраслевого профсоюза, которое мы отмечали три года назад, примерно совпадает с моментом получения независимости Казахстаном. До этого момента в Советском Союзе существовала единая система железных дорог, в которую входили как единая Казахская, так и в последующем три железные дороги Казахстана: Западно-Казахстанская, Алматинская и Целинная. Они напрямую подчинялись Министерству путей сообщения (МПСС) СССР, а дорожные профсоюзные организации железнодорожников находились в структурном подчинении центра.

В 1991-1992 годах начался распад единой системы железных дорог бывшего СССР. В каждой республике создавались свои железнодорожные администрации, и профсоюзам пришлось адаптироваться к новым условиям. 26 марта 1992 года состоялся учредительный съезд, на котором был создан Профсоюз железнодорожников и транспортных строителей Республики Казахстан.

Нынешняя дата касается истории профсоюзного движения железнодорожников Казахстана и тесно связана с историей развития железнодорожной транспорта, а если конкретнее – профсоюзного движения и профсоюзная железнодорожников России, которые в этом году отмечают свое 120-летие. Мы, в свою очередь, тоже задались вопросом, когда на территории дореволюционного Казахстана появилась первая профсоюзная ячейка? И хотя в нашем распоряжении были отдельные свидетельства очевидцев о создании подобной организации 120 лет назад, мы решили копнуть глубже и с этой целью провели большую исследовательскую работу. И как показало исследование полученных в результате архивных данных, профсоюзное движение в железнодорожной отрасли на территории современного Казахстана зародилось еще весной 1905 года. Тогда были организованы первые профсоюзные ячейки на линии Оренбург-Ташкентской железной дороги.

– У нас уже был опубликован материал, связанный с тем, что в противовес с до сих пор бытовавшим мнением о том, что профсоюзное движение зародилось на Успенском руднике, именно железнодорожники первыми стали застрельщиками организации, ставшей прообразом профсоюзов на территории нашей страны? На чем оно основано?

– Да, долгое время считалось, что первыми профсоюзами в Казахстане стали объединения шахтеров Успенского рудника, созданные в декабре 1905 года. Но благодаря воспоминаниям ветеранов Кызылординского локомотивного депо и последующей проверке этих данных в архивах Казахстана, Узбекистана и России мы установили, что первая профсоюзная ячейка в Казахстане была организована железнодорожниками гораздо раньше, в паровозном депо Перовск (ныне Кызылорда). Документы, полученные из

государственного архива Оренбургской области, подтверждают участие железнодорожников Оренбургско-Ташкентской линии в формировании и работе Всероссийского союза железнодорожных служащих (ВЖС) уже в апреле 1905 года. Съезд выработал Устав и Программу ВЖС. Он стал центром объединения рабочих и служащих железных дорог, в программные документы которых были поставлены задачи формирования ячеек в железнодорожных организациях, в первую очередь в сплоченных коллективах, таких как ремонтные мастерские паровозных депо на железнодорожном транспорте. Основной задачей этих первых общественных организаций на железнодорожном транспорте, прообраза нынешних профсоюзных организаций, было отстаивание интересов рабочих и защита их прав.

– Значит, железнодорожники стали одними из первых организаторов профсоюзного движения в стране?

– Абсолютно верно. Железнодорожники уже тогда были мощной и организованной рабочей силой, которая не только поддерживала революционное движение, но и активно боролась за улучшение условий труда, достойную заработную плату и социальные гарантии.

Тогда железнодорожники на системной, организованной основе выдвигали социально-экономические требования по улучшению условий труда. Таким образом начали создаваться первые профсоюзные ячейки.

Первого июля 1906 года в городе Ташкенте был созван I Съезд железнодорожных союзов Средне-Азиатской и Оренбург-Ташкентской линий, который определил задачи, цели, а также разработал организационные положения союза. Съезд утвердил Устав союза, определил необходимость создания на местах районных комитетов ВЖС. В соответствии с Уставом была определена выборность и квота делегатов, могли создаваться районные, областные и узовые комитеты, определены их функции. Фактически на основании решения съезда на Оренбург-Ташкентской железной дороге было создано восемь районных комитетов. Четыре комитета в пределах Туркестанского края (на станциях Ташкент, Туркестан, Перовск и Казалинск) и четыре в пределах Оренбургской губернии (на станциях Челкар, Актюбинск, Оренбург и Бузулук).

Так, созданный в июле 1906 года Казалинский комитет имел свою печать с надписью «Казалинский районный комитет Туркестанского отдела ВЖС», каску, которая пополнялась из специальных сборов по «подписному листу и членских взносов» (1% вступительных и 1% ежемесячных взносов). В соответствии с Уставом из собранных средств районные комитеты отчисляли 55% на средства борьбы, 20% – на просветительские цели, 5% – на канцелярские принадлежности и мелкие расходы, 15% – в областной комитет и 5% – в уловую комитет. Областной комитет из своих сумм предусматривал отчисление 5% в центральное бюро ВЖС.

Таким образом, уже в 1905 году железнодорожные профсоюзные организации были организационно структурированы для



защиты интересов рабочих и служащих – членов союза.

Кстати, в архивных материалах зафиксированы факты активного участия железнодорожников в событиях 1905-1907 годов, несмотря на репрессии и давление со стороны царской администрации.

